

«Қазақстанның орнықтылық қоры»
акционерлік қоғамының жалғыз
акционерінің 2025 жылғы 7
наурыз № 2 шешіміне
2-қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
Корпоративтік басқару кодексіне өзгеріс**

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің 2024 жылғы 12 қарашадағы № 4 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне мынадай өзгеріс енгізілсін:

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

37. Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Қоғамның тәуелсіз директорларын іріктеу Қоғамның Жалғыз акционері айқындаған тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.».